



№4 (1638)
7 ақпан
2017 жыл

www.kaznu.kz

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ВСТРЕЧА С ДЕПУТАТАМИ ПАРЛАМЕНТА

В КазНУ им. аль-Фараби состоялась встреча заместителя председателя Мажилиса Парламента РК Гульмиры Исимбаевой и депутата Мажилиса Парламента РК Бекболата Тлеухана с научно-педагогической интеллигенцией и студентами г. Алматы.



На встрече депутаты разъяснили основные приоритеты Послания Главы государства по реализации Третьей модернизации Казахстана и созданию новой модели экономического роста, механизмы обеспечения глобальной конкурентоспособности страны и обращение Президента о конституционных реформах по перераспределению полномочий между ветвями государственной власти.

«Для реализации целей, обозначенных в Послании требуется слаженная, активная работа всего научного сообщества страны и большие усилия для выполнения всех стратегических задач, поставленных перед народом», – отметила в своем выступлении руководитель фракции «Нұр Отан» в Мажилисе Гульмира Исимбаева.

В свою очередь, депутат Бекболат Тлеухан акцентировал внимание на необходимости поэтапного внедрения английского языка в школах, повышении качества образования, чтобы не ощущалась разница между сельскими и городскими школами. Так как, «в связи с переходом на трехязычие казахский язык сохранит доминирующую позицию», – подчеркнул депутат в своем выступлении.

Отмечая особенности каждого приоритета, депутаты подробно остановились на четвертом, а именно – улучшение качества человеческого капитала, образование должно стать центральным звеном новой модели экономического роста. В этом процессе ключевая роль отводится вузам страны.

Во время встречи выступили также декан юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби Даулет Байдельдинов

и председатель «Комитета молодежных организаций» университета Айсулу Ерниязова.

Декан отметил, что среди пяти приоритетов Главы государства второй приоритет – это кардинальное улучшение и расширение бизнес-среды. Для этого необходимо дальше совершенствовать инструменты по поддержке массового предпринимательства, создавать со стороны государства благоприятные условия для его развития», – сказал Даулет Байдельдинов.

КазНУ активно работает в этом направлении. На факультетах действуют бизнес-инкубаторы, в которых реализуются студенческие стартапы и проекты молодых ученых, создан коридор коммерциализации научных разработок и трансферта передовых технологий, открываются центры по оказанию различных учебно-образовательных и научно-исследовательских услуг, отвечающих потребностям рынка.

Следует отметить, что в деле формирования интеллектуальной нации КазНУ руководствуется лучшими традициями и приоритетными ценностями образования. Коллектив вуза работает над повышением качества подготовки высококвалифицированных специалистов, которые интегрируют результаты своей научной деятельности в реальный сектор экономики страны.

В завершение мероприятия депутаты Парламента подробно ответили на интересующие студентов и преподавателей вопросы.

Соб.к.к.р.

НОВЫЙ ЭТАП ДЕМОКРАТИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ

6 февраля 2017 года в КазНУ им. аль-Фараби состоялся международный научно-практический семинар «Обращение Президента Республики Казахстан по вопросам перераспределения полномочий между ветвями власти».

Спикерами было отмечено, что обращение Лидера нации Нурсултана Назарбаева по вопросам перераспределения полномочий между ветвями власти нашло широкий отклик и поддержку среди коллектива КазНУ. Новый этап демократических преобразований позволит создать эффективную систему сдержек и противовесов, усилить полномочия и ответственность Парламента и Правительства за внутриполитическую и социально-экономическую ситуации в стране.

«Основная суть конституционной реформы заключается в том, что Президент передает ряд своих полномочий Парламенту и Правительству. Данная работа предполагает процедуру внесения изменений и дополнений в Конституцию РК и по предположительным подсчетам в свыше 100 других нормативно-правовых актов», – отметил открывая работу научного семинара декан юридического факультета Даулет Байдельдинов.

Продолжение на 2-стр.

ПРИОРИТЕТ НАУКИ

В КазНУ им. аль-Фараби состоялся научный семинар, посвященный Посланию Президента народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Организатором мероприятия выступила Высшая школа экономики и бизнеса КазНУ (ВШЭБ).

Ведущие ученые-экономисты, эксперты, преподаватели, магистранты и докторанты университета выступили с докладами и обсудили актуальные вопросы технологического обновления и ускоренного развития инновационной экономики. Участники семинара провели анализ состояния готовности национальной экономики Казахстана к переходу на наукоемкие стандарты, развития логистической инфраструктуры, как важного приоритета повышения глобальной конкурентоспособности страны. Рассмотрели пути решения проблем улучшения бизнес-среды и поддержки предпринимательства.

«КазНУ им. аль-Фараби активно проводит работу по улучшению качества человеческого капитала как одной из приоритетных задач, озвученных в Послании. В Высшей школе экономики и бизнеса КазНУ эффективно функционируют «Центр инновационного предпринимательства», «Биржевой трейдер», центры подготовки сертифицированных бухгалтеров и проектных менеджеров», – отметила декан ВШЭБ КазНУ Баян Жундибаевна.

Участники семинара сошлись во мнении, что необходимо постоянно повышать инвестиционную привлекательность страны и совершенствовать деловую среду. «Главной задачей экономической политики в долгосрочной перспективе является создание конкурентоспособной, устойчивой, структурно-сбалансированной экономики за счет развития прорывных отраслей экономики, имеющих сравнительные преимущества в формировании продолжительной цепочки переработки имеющих сырьевых ресурсов. Необходимо усилить ресурсосберегающие и инновационные факторы для опережающего развития высокотехнологичных и обрабатывающих отраслей, обеспечивающих прирост продукции с высокой добавленной стоимостью», – отметила профессор Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ Аида Айтбембетова.

Продолжение на 2-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ
ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ



2-бет

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ОЛИМПИАДА



4-бет

ОЙҒУМАР



5-бет

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Кезекті ректорат мәжілісі аясында Үндістан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Харш Джейн өзара ынтымақтастық орнату мақсатында ҚазҰУ-ға арнайы келді.



университетіне 80 жыл» мерейтойлық медалін табыстады.

Сонымен қатар, университет басшысы «Қазақстан тағамтану академиясы» қоғамдық бірлестігінің президенті Төрегелді Шармановпен ынтымақтастық келісім туралы құжатқа қол қойды. Академик бұл ынтымақтастықтың өзектілігін атап өтіп, «Қасиетті қарашаңырақта білім алу, қызмет атқарудың өзі бір бақыт» деп қуанышын жасырмады. Т. Шарманов мәжіліс барысында дұрыс тамақтану туралы құнды мағлұматтар келтіріп, бие сүтінің пайдасына тоқталды. Бие сүтінен әзірлеген өнімдердің өзіндік қасиетін алға тартқан ғалым бірқатарын ҚазҰУ ұжымына таныстырып, сыйға тартты.

Ал күн тәртібіне көшкен тұста, алдымен, кафедралар мен факультеттердің индикативтік жоспардың шекті көрсеткіштерін орындауы

және QS WUR нұсқасы бойынша 200 үздік университет қатарына кіру жөніндегі жол картасының жүзеге асырылуы туралы факультет декандары есептеме берді. Химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердоқ Оңғарбаев ұйымдастырылған іс-шаралар, жазғы мектептер, арнайы курстар, косдипломдық бағдарламалар және жариялымыдар жөнінде баяндама оқыды. Декан келтірген ақпараттарға сәйкес, факультеттің шетелмен байланысы қарқынды дамуда. Яғни косдипломдық бағдарлама бойынша Logtaine (Split PhD), Малайзия, ММУ, РХТУ, УММТУ сияқты университеттермен келісім жүргізілген, сондай-ақ, факультет БелМУ, Тайпей, Сайтама (Жапония), Қытай мұнай университеттерінде магистранттардың білім алуын ұйымдастыруда. Ал аналитика, коллоидті химия кафедрасының 6 студенті Дүниежүзілік Федерацияның 1

миллионнан астам шәкіртақысына ие болған. Факультеттегі білім алушылар санының өткен жылға қарағанда 10 пайызға өскенін де атап өтуіміз керек.

Сонымен қатар, география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальников та индикативті жоспар бойынша есеп беру үшін мінбеге көтерілді. Оның айтуынша, факультетте жүктелген міндеттерге жауапкершілік жоғары. Әр кафедра кеңесінде индикативті жоспар қорытындысы талданып, индикативті жоспарды орындау бойынша жол картасы әзірленіп отырады. Сондай-ақ, ол факультеттің QS WUR ақпараттар базасындағы сарапшылар көрсеткішінің саны артқандығын тілге тиек етті. Факультет деканы хабарлама соңында жасыл экономика бойынша ҚазҰУ-дың 198-ші орынға көтерілгені факультет үшін мәртебе екенін зор қуанышпен айта кетті.

Ғылым және жарияланым белсенділігі басқармасының басшысы Қадыржан Смағұлов университет ғылыми журналдарын халықаралық мәліметтер базасына енгізу бойынша Жол картасының орындалу барысы туралы хабарлама оқып, ғылыми журналдардың ілгері жылжыуында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Қ.Смағұлов ғылыми журналдардың халықаралық деңгейде алға дамуы үшін ағылшын тіліндегі парақшалары ашылып, журналдың шығарылымы мен веб-сайтына жаңа талаптар енгізілгенін атап өтті. Scopus қағидаларына сай, жарияланымдардың сапасын арттыру мақсатында мақалаларға жаңа талаптар ойластырылғанынан хабардар етіп, басқа да міндеттермен таныстырды. Басқарма басшысы ғылыми журналдарға мақала жазу барысында жиі туындайтын мәселелерді де айқындап, журналды ілгері жылжытуға арналған арнайы іс-шаралар топтамасын ұсынды.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

НОВЫЙ ЭТАП ДЕМОКРАТИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ

Продолжение. Начало на 1 стр.



По словам экспертов, предстоит большая комплексная работа с участием политических партий, широкого круга общественности и населения.

В докладе «Мы в конституционном пространстве» академик НАН РК, доктор юридических наук Султан Сартаев отметил, что благодаря идее мирного и взаимовыгодного государственного строительства Республика Казахстан добивается успехов в демократизации жизни. «Президент, согласно статье 40 Конституции РК - высшее должностное лицо, является гарантом единства народа, а значит, вопросы стратегического характера, рассматриваемые Парламентом в ходе перераспределения, должны решаться только с согласия Первого лица государства», - продолжил профессор С.Сартаев.

Член Конституционного Совета РК Аманжол Нурмагамбетов обозначил основные функции конституционного совета, подробно остановившись на полномочиях органа в соответствии с регламентом.

Встреча прошла в формате открытой

дискуссии о повышении роли Парламента в условиях политической трансформации Казахстана, проблемах и перспективах становления и развития системы местного самоуправления в РК, политических партий в новых условиях трансформации государственной власти. Участники семинара обсудили конституционно-правовые основы совершенствования системы государственных органов в республике, и правовое обеспечение реализации «Стратегии Казахстан - 2050», а также рассмотрели культурно-ценностные ориентиры подготовки и реализации конституционных реформ в Казахстане.

В работе семинара приняли участие представители Конституционного Совета РК, государственных органов, политических партий и общественных организаций, СМИ, ведущие ученые-юристы Казахстана, профессорско-преподавательский состав и молодые ученые КазНУ.

Соб.корр.

ПРИОРИТЕТ НАУКИ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Доктор экономических наук, профессор КазНУ Римма Сагиева отметила, что несмотря на неравномерность развития инноваций по регионам и недостаточность развития целостной инновационной системы страна обладает рядом конкурентных преимуществ. «Казахстан занимает хорошую позицию в рейтинге стран мира по коэффициенту экономики знаний. В республике высокий охват населения средним, профессиональным и высшим образованием, мы нацелены на развитие трехязычного образования. Ежегодно повышается производительность труда научного сектора. В стране реализуются Государственная программа образования по подготовке научных кадров и специалистов по образовательным программам ППИИР-2. Активно развиваются элементы цифровой индустрии (электронное Правительство, электронный банкинг, интернет-торговля и другие)», - сказала профессор Сагиева.

Для коллектива КазНУ новое Послание Главы государства, посвященное развитию экономики, стало руководством к дальнейшей научно-образовательной деятельности. КазНУ, являясь центром генерации новых знаний и инноваций, интеграции науки,

образования и производства, активно работает над выполнением задач, поставленных Президентом страны Н. Назарбаевым в Плане нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ».

С целью повышения качества человеческого капитала университет провел модернизацию образовательных программ, соответствующих высоким международным стандартам. КазНУ является инициатором создания национальной платформы массовых открытых онлайн-курсов (МООК), к которой присоединились более 15 вузов Казахстана. Вуз воплощает в жизнь новые идеи с применением цифровых технологий. Так, в КазНУ реализуется уникальный научно-инновационный проект «Al-Farabi university - smart city», нацеленный на создание университета современной формации. Открыты и успешно работают центры и лаборатории всемирно известных компаний - «Hewlett-Packard», «Microsoft», «Cisco», «Konika Minolta», «Fujitsu», «Samsung», «Лаборатория Касперского» и других.

ПРЕСС-СЛУЖБА



ҚазҰУ-да ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Г. Исимбаева мен Парламент Мәжілісінің депутаты Б. Тілеуханның оқытушылар және студенттер қауымымен кездесуі өтті

Меңдігүл НОҒАЙБАЕВА,

тарих, археология және этнология факультетінің деканы

ЕЛДІК ЖАНҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІҢ РӨЛІ

Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы – барша қазақстандықтар асыға күтетін аса маңызды бағдарламалық құжат. Әр Жолдау жаһандық өзгерістердің барысы мен сипатын дөп баса отырып, осы бағыттағы еліміздің даму бағыттарын айқындап келеді. Сондықтан, биылғы жыл да Елбасы атап өткендей, біздің көз алдымызда өтіп жатқан ауқымды өзгерістер ұлт үшін сындарлы әрі болашақ дамудың зор мүмкіндіктерінің көзіне айналуы тиіс.

Елбасы барша қазақстандықтарға еліміздің Үшінші жаңғыруын жүзеге асыру жөнінде міндет жүктеді. Тәуелсіз Қазақстан дамуының жана кезеңіне айналуы тиіс жарқын болашаққа біз «Қазақстан–2050 Стратегиясы» мен 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт жоспарының негізінде аяқ басуға тиіспіз. Осылайша, биылғы Жолдауда қойылған міндетті жүзеге асыруда бес басым бағыт айқындалды.

Жолдауда қойылған адам капиталының сапасын жақсарту жолындағы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру бағытындағы іс-шаралар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жан-жақты жүзеге асырылып келе жатыр. Соңғы бес жыл көлемінде университетте жүзеге асқан күрделі қайта жаңғыру мен өзгерістер, қабылданған стратегиялық даму жоспары Елбасы қойған міндеттерді жүзеге асырумен тікелей үндесіп жатыр. ҚазҰУ-дың әлемдік білім беру кеңістігінде жетекші позицияға көтерілуі, атап айтқанда халықаралық QS рейтингі бойынша әлемнің ең озық 800 университеті ішінде 236-орынды иеленуі осының дәлелі.

Елбасы жоғары оқу орындарының кадрлық құрамы, материалдық-техникалық жабдықталуы және білім беру бағдарламаларының сапасына баса назар аудару қажеттілігін атап өтті. Қазіргі таңдағы заман талабы университеттердің замана сұранысына сәйкес маман дайындауға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларын ұсына алуына байланысты. Ұлттық университетте осы ретте жұмыс берушілер кеңесі мүшелерін білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға тарту, олармен болашақ мамандарды дайындаудағы бірден-бір стратегиялық әріптес ретінде тығыз жұмыс жасау қолға алынды. Университетте жыл сайын өндірістік тәжірибелердің базаларын кеңейту, әлемдік озық компаниялармен бірігіп, оқу-ғылыми зертханаларын ашу, қосдипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, білім берудің құзыреттілік үлгісін енгізу, академиялық ұтқырлықты кеңейту және тағы басқа салалар бойынша орасан зор жұмыстар табысты жүзеге асырылуда. Жалпы әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан, мемлекеттік және жеке меншік әріптестіктің негізінде материалдық-техникалық базаны әлемдік деңгейдегі стандарттарға сәйкес күшейту бойынша да мәселелер өз шешімін тауда.

Болатхан ЗАЯДАН,

биология және биотехнология факультетінің деканы

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Мемлекет басшысы жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауын жария етті. Біз тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық даму жолынан өттік. Бұл жылдары еліміз екі жаңғырудан өтіп, енді алға батыл қадам басып, үшінші жаңғыруды бастауға тиіспіз. Бұл жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-көтерілістермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» Стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болып, Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» негізіне сүйенеді. Биылғы Жолдауда ел экономикасын әлемдік өсімнің орта деңгейінен жоғары қарқынына көтеріп, озық 30 елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған бес негізгі басымдық көрсетілген. Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы. Сандық технологияны қолдану арқылы жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Екінші басымдық бизнес ортаны жақсартып кеңейтуге бағытталса, үшіншісі – макроэкономикалық тұрақтылыққа арналды. Төртінші басымдық – адам капиталының сапасын арттыру, бесіншісі – институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты.

Елбасы экономикалық инновациялық әлеуетті арттыру болашақтың экономикасын құру үшін маңызды екендігін баса айтты. Смарт-технологиялар, жасанды интеллект, киберфизикалық жүйелер интеграциялары, болашақтың энергетикасы, жобалау және инжиниринг салаларында біліктілікті дамыту қажеттігін айтты. Мұндай жұмысты тиімді ғылыми-инновациялық жүйе құру арқылы жасауға болады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми-инновациялық қызметке басымдық беріліп, соның ішінде биология және биотехнология факультетінде «Жасыл технология орталығы» құрылып, іске асыру жұмысы белсенді жүріп жатыр. Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Индустрияға арналған жасыл энергетика» оқу бағдарламасының профильдік бағыттағы «Жылуэнергиясы» «Фотобиотехнология және биожанармай» мамандықтары ашылды.

Сонымен қатар, Жолдауда үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі жіті қаралғаны белгілі. Бұл орайда университетте «Biological engineering» мамандығы бойынша ағылшын тілінде жаңа оқу бағдарламасы жасалып, 2017-2018 оқу жылынан бастап студенттер қабылданатын болады.

Елбасы Жолдауында атап өтілген мәселелер білім берудің және адам капиталының сапасын арттыруға, үлкен үдерістерді еңсеруге жана серпін беріп, Қазақ елін жалпы ұлттық жетістікке жетелейтіні даусыз.



Айкерим КАМАЛДИНОВА,

доцент кафедра политологии и политических технологий

НОВЫЕ МЕГАТRENДЫ

Сегодня мы живем и работаем в стране, демонстрирующей уверенную экономическую, политическую, социальную стабильность и безопасность. Модернизация и конкурентоспособность как критерии успеха и развития стали ключевыми понятиями и ориентирами в Послании-2017.

Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев обозначил приоритетные задачи, направленные на создание новой модели экономического роста в стране в условиях сложной глобальной трансформации. В программном документе рассмотрены дальнейшие инструменты реализации Плана нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ». Нурсултан Назарбаев определил большой комплекс модернизационных мер, которые гармонично синхронизированы между собой и нацелены на положительный эффект.

Глава государства особое внимание обращает на улучшение человеческого капитала в условиях ускоренной технологической модернизации экономики. Рост интеллектуального человеческого потенциала имеет для Казахстана первостепенное значение. Усилению динамики инновационного движения позволит повышение потенциала казахстанской науки. В этом процессе ключевую роль играют университеты.

КазНУ им. аль-Фараби как ведущий центр науки, образования и инноваций является важным звеном в построении новой казахстанской модели экономического роста. В вузе ведется подготовка высококвалифицированных специалистов для реализации государственной программы индустриально-инновационного развития. Принципы трансформации на современный исследовательский университет заложены в основу деятельности вуза.

В рамках стратегии «Цифровой Казахстан», направленной на повышение качества жизни путем внедрения цифровых технологий, КазНУ сформировал современную инновационную инфраструктуру. Реализуется уникальный проект «Al-Farabi university – smart city», нацеленный на создание университета современной формации. Реализован проект «Электронный кампус», открыт Центр ситуационного управления, Центр обслуживания студентов «Керемет» и многое другое. В диагностическом центре КазНУ «Smart Health» оказывается широкий спектр высокотехнологических медицинских услуг с использованием системы телемедицины «U-Health».

Также в университете созданы программы дистанционного обучения с использованием новейших достижений информационно-коммуникационных систем. КазНУ является инициатором создания национальной платформы массовых открытых онлайн-курсов (МООК), к которой присоединились более 15 вузов Казахстана. В национальном вузе проведена полная модернизация учебных программ на трех языках в соответствии с мировыми стандартами и тенденциями развития высшего образования. Например, учебный план специальности «Политология» входят такие дисциплины, как: «Социально-политическая статистика», «Информационные технологии в политике», «Политическая стабильность в условиях трансформации», «Политические риски, кризисы и методы их преодоления», «Электоральная инженерия» и многие другие.

Образование – это фактор стабилизации и улучшения человеческой жизни, а новые знания – основной ресурс инновационной экономики. Республика вступает на качественный этап развития с новой стратегией. Образовательные, научные, исследовательские цели КазНУ им. аль-Фараби лежат в русле глобальных тенденций, обозначенных Президентом РК Нурсултаном Назарбаевым и направлены на инновационное развитие экономики государства. Университет ориентируется на развитие современных подходов к решению универсальных проблем при кооперации науки и бизнеса.

Калима ТУЕНБАЕВА,

директор библиотеки Аль-Фараби

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ЗАДАЧИ

Послание Президента РК Н.Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» нашло широкий отклик и поддержку среди коллектива КазНУ.

Программный документ конкретных практических дел, касающийся всех казахстанцев без исключения и, в том числе, работников системы высшего образования, ответственных за подготовку квалифицированных конкурентоспособных кадров для страны, является ориентиром на будущее.

Для нас, работников высшей школы, особо значимыми являются первый и четвертый приоритеты, которые направлены на ускоренную технологическую модернизацию экономики и улучшение качества человеческого капитала. Лидер нации отмечает, что «мы должны культивировать новые индустрии, которые создаются с применением цифровых технологий» и «сделать образование центральным звеном новой модели экономического роста».

Следует отметить, что деятельность КазНУ нацелена на достижение конкретных результатов по исполнению актуальных задач, поставленных Президентом страны. В университете реализуется уникальный проект «Al-Farabi - university smart city», в рамках которого осуществляются технологические задачи с применением новейших цифровых инноваций. Библиотека аль-Фараби, являясь информационно-образовательным центром КазНУ, провела полную автоматизацию библиотечных процессов. Предоставляет современные электронные библиотечные ресурсы и формирует книжный фонд, соответствующий модернизированным образовательным программам университета. Библиотека содействует подготовке высококвалифицированных специалистов, конкурентоспособных на отечественном и международном рынках труда.

КазНУ им. аль-Фараби ориентируется на развитие современных инновационных подходов в решении вопросов качества науки и образования. Обозначенные в Послании приоритеты по модернизации страны должны стать эффективным инструментом в развитии казахстанского общества и обеспечении глобальной конкурентоспособности Казахстана.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

Алматы қаласында мектеп оқушылары арасында математика, физика және информатика пәндерінен академик О.А.Жәутіков атындағы XIII Халықаралық олимпиада өтті. ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Алматы қаласы әкімдігі мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қолдауымен өткен дәстүрлі білім додасына еліміздің оқушыларымен қатар Ресей, Армения, Әзірбайжан, Белоруссия, Болгария, Грузия, Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан, Румыния, Сербия, Тәжікстан, Түрікменстан, Чехия сынды әлемнің алыс-жақын 15 елінен 401 оқушыдан тұратын 62 команда қатысты.



Тарих, археология және этнология факультеті «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 2-курс студенттері «Музеология» үйірмесінің жетекшісі Құралай Баудиярованың ұйымдастыруымен 28 гвардиялық-панфиловшілер атындағы саябақта орналасқан Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар музейін тамашалап қайттық.

Музейге САЯХАТ

Сырт ерекше сипатымен көз тартатын музей күрделі жөндеуден өтіп, қазіргі заманауи технологиялардың соңғы жетістіктерімен жабдықталған екен. Бізге экскурсия жұмысын білікті маман және біздің факультетіміздің түлегі Гүлзира апай жүргізді. Экскурсиядан алған әсеріміз ерекше. Әр экспонаттың қазақ халқының тарихындағы ерекше орны бар екенін түсіндік.

Негізінде музейге келушілер үшін 7 экспозициялық зал ашық. Бірінші зал – аспапты-музыкалық археология залы. Бұл залда археологиялық зерттеу жұмыстары барысында табылған музыкалық аспаптар және аспаптар бейнеленген мүсін тастар орналасқан екен. Екінші залда соқпалы-шулы және үрлемелі аспаптар орналастырылған. Үшінші зал қыл ішекті аспаптарға арналған. Төртінші залда баксы-балгерлердің аспаптары қойылған. Маған осы зал ерекше әсер етті. Бұл жердегі мал терісі мен жылқының жалынан жасалған



аспаптар асқан шеберлікпен жасалған. Бесінші зал жалпы қазақтың домбыралары мен қобыздарының түрлеріне арналған. Мұнда домбыраның 24 түрі қойылған, олардың пішіні әртүрлі және дыбысталуы да бір-біріне ұқсамайды. Бұрын көрмеген үшем, қозықұйрық, кең иықты, тұмар, кен шанакты, т.б. домбыра түрлерін көрдік. Оған қоса нарқобыз, қылқобыз, қазіргі кезде оркестрде қолданылатын прима қобыз қамтылған. Алтыншы зал – түркі тілдес халықтар аспаптарының көрме залы. Онда башқұрт, қырғыз, өзбек, түрік, алтай, хакас, қарақалпақ, саха елінің музыкалық аспаптары жинақталған екен. Жетінші зал біздің мемлекетімізге басқа мемлекеттерден сыйға берілген музыкалық аспаптарға арналған. Экскурсия барысында біздің елдің аспаптары мен басқа елдің аспаптарын салыстыруға, өзіндік ұқсастықтары мен ерекшеліктерін байқауға болады. Біз ғасырлар қойнауына саяхат жасағандай әсерде болдық.

Дана ИМАНАЛИЕВА,
«Музей ісі және ескерткіштерді қорғау»
мамандығының 2-курс студенті

ресейлік Мәскеу мемлекеттік университетінің мамандандырылған оқу-ғылыми орталығының командалары лайық деп танылды. Қазылар алқасының арнайы шешімі бойынша үздік командалардың әр мүшесіне бағалы сыйлықтар мен марапат қағаздары табыс етілді.

Олимпиаданың бағдарламасына сәйкес жекелей біріншілік бойынша сарапқа салынған 198 медаль (40 алтын, 61 күміс және 97 қола) үлестірілді. Қазақстан командалары 7 алтын, 18 күміс, 31 қола, жалпы саны 56 медаль жеңіп алды.

Қазылар алқасы жұмыс жасап, тексеру нәтижелерін күткен оқушылар үшін кәсіби бағдарлау шаралары өткізілді. Оған механика-математика факультетінің белді оқытушы-профессорлары, кафедра менерушілері мен олардың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары да белсене араласты. Факультет пен университетте дайындалатын мамандықтар жайлы, университет ұсынатын жеңілдіктер, Студенттер үйлерінің саны мен студенттерге жасалатын әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар туралы баяндалды. Университет қалашығында орналасқан тамақтандыру комбинаты мен сауда орындарында, студенттерге қызмет көрсету орталығында, Студенттер сарайында жүргізілетін өнер үйірмелерінде, студенттердің өзіндік басқару, ғылыми ұйымдарында, спорттық кешенде атқарылып жатқан жұмыстар айтылды. Ыстық көл жағасындағы сауықтыру кешені мен әл-Фараби кітапханасының бар екені, Д.Баландин атындағы жүзу бассейнінің ашылғаны сөз болды. Болашақ студенттердің осы игіліктердің басым көпшілігін тегін пайдаланатыны құлаққағыс етілді.

Өз мәресіне жеткен академик О.А.Жәутіков атындағы XIII Халықаралық олимпиаданың жабылу рәсімі өткен О.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы үлкен табыстан үміт күткен

қатысушылар мен олардың жанкүйерлеріне лық толды.

Салтанатты кеште сөз алған механика-математика факультетінің деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мактағали Бектемесов математика пәні бойынша жарыстың нәтижелерін хабарлап, жеңімпаздарды құттықтады. Мактағали Әбдімәжитұлы келтірген мәліметтерге сәйкес, сайысқа қатысушылар математика бойынша алынған есеп шешімдеріне қойылған бадаларға қарай қола медальмен 13-17 балл үшін, күміс медальмен 18-25 балл алғандар, ал алтын медальмен 26-42 балл жинағандар марапатталған.

Жоғары деңгейде өткен олимпиадада математика бойынша Қазақстан оқушыларының қоржынына барлығы 20 медаль жиналды. Оның 2-і алтын, 4-і күміс және 14-і қола медаль.

Жалпы, жарыс құрамына енген барлық пәндер бойынша жүлдегер және жеңімпаз атанғандарға Олимпиада пәндері бойынша білікті мамандар дайындап жатқан еліміздің маңдай алды жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арнайы оқу гранттарын табыс етті. Сондай-ақ, осындай оқу гранттарын кейбір жеңімпаздарға Қазақ-британ техникалық және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеттері де ұсынды. Биылғы өткен Олимпиаданың бұрынғыдан өзгешелігі – ерекше қабілетімен көзге түскен дарынды оқушыларға Н.Қаппаров атындағы арнайы сыйлық, «Математика есептерін ерекше жолмен шешкені үшін» аталымымен Бостандық ауданы әкімдігінің жеке марапаты табыс етілді. Республиканың шалғай аймақтарынан келіп, жарысқа алғаш қатысып отырған балалалар үшін бұл шараның үлкен тәжірибе болғаны анық.

Жәутіков олимпиадасы – жыл басында өткізілетін бірінші ауқымды олимпиада. Биыл Қазақстан оқушыларын университетімізде өтетін басқа да «Әл-Фараби олимпиадасы», Халықаралық Азия-Тынық мұхиты математикалық және Жібек жолы математикалық олимпиадалары, Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңі сияқты білім жарыстарының келесі тізбегі күтіп тұр.

2017 жылғы Жәутіков атындағы Халықаралық олимпиадаға қатысушылар мен дода жеңімпаздарын шын жүректен құттықтай отырып, оларға алдағы өтетін олимпиадаларда да толағай табыстар тілейміз!

Болат ӘБЕНОВ,
механика-математика факультетіндегі
кәсіби бағдарлау жұмысына
жауапты қызметкер,
ақпараттық жүйелер кафедрасының
аға оқытушысы

Мақсаты оқушылар арасында физика-математика ғылымдарын насихаттау, білім саласындағы халықаралық әріптестікті нығайтып, әлемдегі үздік мамандандырылған мектептер арасында достық қарым-қатынас орнату, олимпиадалар ұйымдастыру тәжірибесімен алмасу және Қазақстанның білімі мен ғылыми әлеуетін паш ету болып табылатын әлем мойындаған бұл мектепаралық олимпиадада Қазақстан атынан еліміздің әр облысынан келген командалар құрамындағы 144 оқушы бақ сынады.

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен Олимпиаданың ашылу салтанатында университетіміздің ректоры академик Ғ.М. Мұтанов мырза құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға үлкен табыс және жеңіс тіледі.

Командалар жетекшілері мен сарапшы мамандардың пікірлері бойынша, олимпиада сұрақтары былтырғы жылмен салыстырғанда, әлдеқайда күрделі болған сияқты. Сондықтан бұл зияткерлік байқауда жеңіске бабы мен бағы қатар жанған дарындылар ғана қол жеткізді.

Халықаралық қазылар алқасының шешіміне сәйкес, республикамыздағы, алыс-жақын шетелдегі 7 мамандандырылған мектептің құрамалары үздік командалар деп бағаланды. Ең үздік команда ретінде Мәскеуден келген №1329 мектеп танылып, гран-пріді жеңіп алды. Ал жүлделі командалық бірінші орынды белградтық (Сербия мемлекетінің астанасы) мектеп оқушылары жеңіп алса, екінші орынды Санкт-Петербург қаласының №239 физика-математика лицейі мен Челябин қаласының №31 лицейі (Ресей) бөлісті. Үшінші орынға Республикалық арнайы физика-математикалық мектеп-интернат (Қазақстан, Алматы), Тбилисидің В. Комаров атындағы №199 физика-математика мектебі (Грузия) және



ҚазҰУ-дың Математика және механика F3I ғалымдары қазақ тілінен ағылшын және орыс тілдеріне аударатын машиналық тілмәштің ашық жүйесін ойлап тапты



ОЙТҰМАР

Ол кезде біз оқушы едік...

Кеңестік биліктің күн көсемінің атын иеленіп, коммунизм орнатуға үлес қоссақ деген көп ауылдың бірінде оқыдық десек те, біздің ұстаздардан бағымыз жанды. Қозының махаббатын армандап, Баянды басқа кластан іздеп жүретін жоғары класқа келгенде әдебиет пәнін Жолдас ағай жүргізетін болды. Алдыңғы кластардан естігеніміз, ағай — Алматыдан, КазГУ-ды бітіріп келген тәжірибелі, білікті ұстаз екен. Ал КазГУ дегенің, басқаны қайдам, біз секілді ауыл баласы үшін қазіргі әлемді аузына қаратқан Гарвард пен Оксфордыңдай-ақ елестейтін.

ес жиып алған соң деканаттың алдына ілінген сабақ кестесіне үңілгенбіз. Мектепте сабақ берген ағай-апайлардың атына үйренген көзіміз фамилиясының алдында кілең кандидат, профессор деген дырдай атақтары бар ғалымдардан үрейленіп-ақ қалды. Тіпті

оқытушы дегені де жай емес, «аға» екен. Кестедегі көп сабақтың ішінен бір пән көзіме оттай басылды: «Әдебиеттануға кіріспе». Лекция. Академик З. Қабдолов. Иә, ол — Жолдас ағай арқылы атына да, данқына да әбден қаныққан Зейнолла Қабдолов болатын.

Қызығы мен шыжығы қатар жүретін студенттік өмір басталып та кетті. Бір аудиториядан шыққан соң келесі аудиторияны әулірімдеп әрең табатын 1-курс студенті үшін оқытушыларды былай қойғанда, жоғары курстың кей жігіттері де білдей бір мұғалім сияқты көрінетін. Алғашқы аптаның да бетін қайырып, «Халық ауыз әдебиеті», «Античная литература», «Тіл біліміне кіріспе» деген пәндерден дәріс тындап үлгердік. Дәріс жүргізген оқытушылар қызықты деректерді айта отырып, атан түйеге жүк болардай кітаптардың ұзын-сонар тізімін жазғызады. Бәрі де оқуға міндетті әдебиеттер. Оған қоса конспектілеуің тағы бар. «Жазған құлда шаршау бар ма», бірінші аптадан-ақ жатақхана мен кітапхананың арасы сүрлеу жолымызға айнала бастады.

Жұма күнгі үшінші сабақ — «Әдебиеттануға кіріспе». №3 залда жиналып отырмыз. Күтіп отырған адамымыз — академик З. Қабдолов. Тірі кандидат пен профессордың өзін тұңғыш рет көріп, алғашқы дәрістерін тыңдаған соң, академиктің сабақ беруін тіпті тағатсыздана күттік. Бізден ересектеу, дайындық факультетінде оқып келген тісқакқан студенттер Қабдолов туралы білетіндерінің барлығын ортаға салып, біраз жұрттың «сауатын» ашып тастады.

Аудиторияға академик кірді. Академик! Бірақ залда отырған 100-ден аса студент үшін «академик» деген дәреже

«ең білімді», «білімділердің білімдісі» деген ұғымның аясына ғана сыятын. Одан әрі таратуға, талқылауға дәрмен қайдан болсын. Ағайдың жүзі жылы, нұрлы екен. Оқытушының атақ-дәрежесі жоғары болған сайын қабағы да қатыңқы болатындай қабылдауға бейім студент қауымының алғашқы түсінігіне мүлдем кереғар. Бізбен емен-жарқын амандасып алып, әдебиет деген ғажап әлемге кіріспе жасап кетті. Дауысы жанға жайлы, қоңыр үн. Лекция жаздырту үшін де ойын бөле-жарған жоқ. Әдеттегідей, бар-жоғымызды түгендеп те уақыт кетірмеді. Әр сөйлемі, әр сөзі нық, көркем кестеленіп түскен өрнек секілді. Аңғарғанымыз, қағазға қарамайды екен. Кіріспе сөзден-ақ қай «ауылға» келгенімізді, не үшін келгенімізді түсінгендей болды. Кітапханадан кеше ғана қолға тиген «Сөз өнерімен» де таныстық. Кей сәтте кітаптағы сөйлемдер ағайдың сөздерімен жарыса сапқа тұрып жатқан сарбаздардай салтанат құрып жатты. Ғажап! Шын мәніндегі ұстаздықты, дархандық пен парасаттылықты, ізеттілік пен ірілікті сезіндік. Бағыт-бағдарымызға бата алғандай болған академиктің алғашқы сабағы осылай өтті.

«Әдебиеттануға кіріспені» алғашқы семестрмен-ақ тәмамдағанбыз. Қабдолов дәрістері бүкіл өмірімізге ұмтылмастай рухани азық сыйлады. Ұстаздың бегзат болмысы, ішкі мәдениеті, адамның жан-дүниесін асқақ пафостармен тербетер терең мағыналы толғамдары әлі де тек өзінен басқа ешкімді мойындай қоймаған кейбірімізді сабамызға түсіріп, енді бірімізді жігерлендіргендей болды. Әдетте, студент қауымының қиямет-қайымына айналып, сапырылыстырып қоятын семестр соңындағы емтихан да бұл сабақтан басқашалау өтті. Билет суырған соң «жан сауғалап», артқы парталардан пана іздеп кететін жағдай болған жоқ. Аудиторияға кірген ұстаз дәріс беріп жүргенде көргенімізден де мейірімдірек көрінді. Тіпті, емтихан емес, салтанатты жиын өткелі жатқандай-ақ. Қасында — семинар сабақтарын жүргізген шәкірті — Жанғара ағай. Бұл ағайымызды да ерекше құрметтеп, жақсы көретінбіз. Бүгінде қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосып, ғылым докторы, профессор атанған Жанғара Дәдебаев ағайымыздың да сабақтары қызықты өтіп, соны пікірталастарға ұласып кететін. Зейнолла ағай алғаш кірген бес студенттің жауаптарын ризашылықпен тындап

отырды. Шама-шарқымызша жауап беріп жатырмыз. Кібіртіктей бастаған кейбіріміздің ойымызды өзі дамытып, сол жауапты «біліп тұрғанымызға» өзіміздің сенімімізді ұялатты. Аудиторияға әдемі атмосфераны төгіп тастаған соң «ендігі бағыттарың да осылай болсын» дегендей емтихан тізгінін Жанғара ағайға беріп, сыртқа беттеді. Кейінгі тапсырғандар да «жүрістен жанылмай», көпшілігі «бес» алып шықты...

Ұстаз дәрісін бұдан кейін тындай алмадық. Бірақ осы аз ғана уақытта әдебиет әлемінің әсемдігі, тереңдігі Зейнолла Қабдоловтай ұстаздардың бейнесімен дараланатынын ұғынғандай едік... КазГУ-дың, филфактың түлегі екенінді білгеннен кейін «Қабдолов дәрісін тыңдадыңдар ма?» деп сұрап жатудың мәнін, оның алдын көрген әр шәкіртінің жүрек түкпірінде «өз Қабдоловы» бар екенін түсінгендей болды. Бұл — студенттік өмірдің жанға азық болар естелігі...

Қасиетті шаңыраққа тек он жылдан соң оралдым. Аралықта Алма апай ашқан мектепте еңбек етудің сәті түсті. Академиктің өзі «Алма апай» деп ізет білдірген аяулы ұстазымының өнегесі де менің өмір мектебіме айналған ғажайып ертегім болды. Ол басқа әңгіме, әрине. Өкініштісі, Зейнолла ағайды, ұзын дәлізбен маңғаз басып, жан-жағына шуақ шашып келе жатқан үлкен жүректі Ұстазды көре алмадым... Одан бері де талай жылғадан су ағып, құбылмалы өмірде талай өзгерістер болды. Бала кезімде қазақтың діни танымында қасиетті саналған бойтұмарды анам жарықтық қара молда әулиеге арнайы апарып тақтырған соң, «мойныңнан тастама», «кірлетпе», «биікке қой» деп ескертіп жататын. Ойын баласы болсақ та, құран аяттары жазылған бойтұмарымызға сақ болатынбыз. Сол секілді адам ер жеткен соң өз болмысының, өз жүрегінің ойтұмарын да іздейді екен. Оны ұстаз ғибратынан тапқандай болдым. Баяғы анам марқұм айтатын «кастерле», «биікке қой» деген қағида ойтұмарыма да қатысты айтылғандай... Таулар алыстаған сайын биіктей береді екен-ау. Шәкірті сағынған, шәкірті іздеген ұстаз бақыты да осы болар, сірә...

Самал ДӘРІБАЙҰЛЫ,

қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Очередное занятие научного семинара кафедры социологии и социальной работы посвящено методологии, методике, технике и процедуре эмпирической и прикладной социологии, которые, согласно концептуальной схеме, расположены на двух нижних этажах социологического здания. Три верхних этажа составляют научная картина мира, общая теория и частносоциологические теории.

В ПЕРСПЕКТИВНЫЙ СЕГМЕНТ



ный анализ, анализ письменных источников, исторических документов, контент-анализ.

Участников семинара интересовали такие вопросы, как почему отечественные исследователи занимаются замером целевой аудитории для производителей зубной пасты, а не политологическими опросами, или еще и такие вопросы, как «Когда Казахстан достигнет уровня Великобритании – лидера в сфере исследовательского бизнеса? Станут ли интернет-исследования востребованными в нашей стране?» Об этих проблемах и перспективах этой деятельности в Казахстане убедительно ответил Александр Рузанов.

Эксперт, рассказывая о том, в каком состоянии находятся сегодня исследовательский бизнес в Казахстане, отметил, что наши социологи целенаправленно не занимаются исследованием казахстанского рынка, и поэтому многие выводы, цифры и т.д. часто являются экспертными оценками. Согласно нашим данным, отмечает эксперт,

объем казахстанского рынка исследований колеблется от 15 до 20 млн. долларов в год. Это – годовой объем средней исследовательской компании в США или Западной Европе. Казахстанским стандартам – много меньше. При этом качество страдать не должно. Поэтому, хотя по объему у нас рынок небольшой, но по качеству предоставляемых услуг он – зрелый.

Если говорить об основных международных игроках, то они все здесь уже работают. Это компании TNS, AC Nielsen, GfK. Крупная компания Ipsos уже открыла здесь офис.

Эксперт также остановился на вопросе о возрастании интереса к интернет-исследованиям, который является очень перспективным сегментом. В некоторых странах уже до 80% всех исследований проводятся онлайн. Но Казахстан еще пока к этому не готов из-за недостаточного уровня проникновения интернета. По статистике, в Казахстане он составляет около 50%.

Таким образом, завершающая тему часть семинара звучит в унисон с заключительным разделом социологии, который был посвящен проблемам институционализации социологии. В нем участники узнали о том, где они могут обучаться и приобретать профессиональные знания.

Эксперт и профессора З.Ж. Жаназарова, Н.У.Шеденова, М.С. Садырова поделились своими исследованиями, говоря о продуктивной работе Центра социологических исследований и социального инжиниринга, возглавляемого Г.С. Абдирайымовой.

Подводя итоги, участники семинара отметили, что каждая проблема имеет свою методологию. Нельзя исследовать все проблемы одной методологией. И если проводятся исследования, то надо указать время и место проведения, число респондентов и иметь подтверждающую справку о проведении мероприятия.

Также эксперты напомнили, что необходимо убедиться в теории аргументации. Ни в коем случае нельзя заранее составить концепцию и подгонять под нее аргументы. Сейчас любой работодатель на Западе предпочитает брать на работу не узкого специалиста, а человека, обладающего широким набором знаний по социальным наукам – это и социология, и психология, и антропология, и экономика. Участники семинара обратились к первокурсникам: чем раньше начнете, тем лучше будет для вашей карьеры. Если вы хотите получить опыт для своей будущей профессии социолога, то есть смысл начинать с самых низших должностей, которые не требуют особых навыков, но в будущем обязательно пригодятся.

Кенес БИЕКЕНОВ,

д.соц.н., профессор кафедры социологии и социальной работы

ДЕЛО МОЕЙ ЖИЗНИ

На факультете истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби состоялась встреча с удивительным человеком, профессионалом, ученым-секретарем Государственного историко-культурного музея-заповедника «Иссык» Галией Файзуллиной.

Для нее музей – это не просто учреждение, занимающееся организацией выставок, собиранием и хранением для обозрения ценных предметов искусства, но и хранилище ума и красоты для будущего поколения, где можно черпать силы.

Файзуллина Г.Ш. выступила с открытой лекцией «Музейное дело - дело жизни». Историк по образованию, после выпуска из Томского государственного университета им. В.Куйбышева уехала с мужем по распределению на крайний север и решила посвятить себя работе в музее. Галия Шаукетовна познакомилась с особенностями профессии, ее трудностями, рассказала участникам встречи о разных этапах своей трудовой деятельности, о своих достижениях и результатах, которых у нее много. Это – создание детского музея «Шанырак», музея миниатюрных скульптур «Фасырлар бесігі» («Колыбель веков»), работа над экспозиционными проектами «На крыльях тулпар», «Табактас». Сегодня Галия Шаукетовна руководит отделом по научно-исследовательской работе в музее-заповеднике «Иссык». Она автор более 70 научных, научно-популярных статей в различных газетах, журналах, конференциях и конгрессах.

С.Х. ШАЛГИНБАЕВА,

к.ист.н., и.о. доцента, кафедры археологии, этнологии и музеологии

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұйымдастыруымен №9 Студенттер үйінде өткен жас та болса, жалынды жырларымен әрбір жүрек түпкірінен орын ала білген қазақтың қайсар ұланы, туа біткен дарынды ақын – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығына арналған кеш жоғары деңгейде өтті.

Халықтың өмірі мен өткен тарихы, оның жүріп өткен жолы мен қазіргі таңда тарихи мұрағатқа айналып отырған жәдігерлері мен жаналықтарының үзіндісі осы ақын шығармашылығына арналған сарынды кеште айқындала түсті. Сол секілді халық мұңын мұндап, жырын жырлаған ұлы өрен – Сұлтанмахмұттың тарихы азаттықтың тура келген тұсы, яғни 1918 жылы қағаз бетіне ерекше кескінде жазылған «Адақсан өмір» атты озық туындысына осы кеш барысында ерекше ден қойылды. Зор табысты шығарманың негізгі лирикалық кейіпкері канша қыруар еңбек атқарып, түрлі кәсіпті дөңгелете білсе де, өз заманының еркіндігін аңсап, жанын қоярға жер таппай, тілсіз ащы үнін актара білген ақын болашақ қоғамның кемелді келбетін суреттеп, халық еркіндігінің негізгі тұтқасы – әрбір ұрпақтың өз қолында екендігін түйіндеп, оптимистік оймен қорыта білгендігі жиналған көрермен қауым мен ұйымдастырушылар тарапынан жақсы талқыға түсті.

Сұлтанмахмұт Торайғыров бала кезінен тағдыры сыйлаған жетімдіктің тауқыметімен

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛАНЫ



қатар, жан ауруының азабын тартса да, өз өмірінің мәні мен мақсатын білімге, ізденіске, жаңа белеске және артында қалар мұрасына арнады. Сол негізде ақын жанынан суырылып шыққан «Туған еліме», «Өмірімнің уәдесі» атты өлең жырларын «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1-курс студенті А. Махсұтова ерекше сезіммен орындай білді. Сенімге селкеу түсіп, өмірге өктем етер заманның қиып түсер қу саясатын мүмкіндігінше қазақ игілігі үшін арнап, партия құрамына кіріп, өнімді жұмысты атқара жүріп туған мақалаларының мағынасын ашып, «Зарландым» атты очеркінің ерекшелігін айқындап, халыққа қарымды ораммен жеткізілген, қазақ әйелінің теңдігі мен тебіренісін терең жеткізген «Қамар сұлу» романына қысқаша шолуды 1-курс студенті

Т. Жандос шеберлікпен жасай білді. Ақын «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды, мұздаған елдің жүрегін жылытуды» арман етті, бірақ өмір жолы жас жүректі ерте қыршынынан қиған ауыр дертті кезіктірді.

Қарап отырсақ, ақын өмірі мен шығармашылығының сарыны мен сазы мәңгілік халық жүрегінде. Осы кештің өтуіне жетекшілік еткен з.ғ.к., аға оқытушы Хибина Нейля Нұрмаханқызы бізге ақынның өнегелі өмірінен, тәлімді еңбек жолынан сыр шертті. Жүрек қылын қозғап, жастарды отансүйгіштікке шақырған кеш ерекше сарынмен өз мәресіне жетті.

Жансая БОЛАТ,

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4-курс студенті

ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ - ЫРЫС ҚАЗЫҒЫ



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)

Аристотельден кейінгі «Шығыстың екінші ұстазы» атанған ғалым, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің атын иеленген оқу ордасы бүгінде ақыл-ойдың, білім мен ғылымның патшалығына айналып отыр. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары іргесі қаланған оқу орнында бүгінге дейін сан мыңдаған түлек білім алды. Олар еліміздің, қала берді әлемнің түкпір-түкпірінде өздерінің ұстаздары артқан сенім мен үміттің үдесінде еңбек етіп келеді.

1991 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жариялануына байланысты С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне ғалым, ойшыл және энциклопедист ғалым, Әбу Насыр әл-Фарабидің аты берілген еді. Қазір университетте бакалавриат, магистратура және PhD сатыларында мамандар даярланады. Оқу ғимараттарының материалдық базалары жоғары деңгейде жабдықталған. Оқу орнында биология және биотехнология, экология, жана химиялық технологиялар және материалдар, физика-химиялық зерттеу және талдау орталығы, эксперименттік және теориялық физика, ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана, математика және механика, ғылыми-технологиялық парк, инженерлік-профилді зертхана және жану мәселелері институты сынды ғылыми-зерттеу институттарында студенттердің тәжірибелік сабақтарын, зерттеу жұмыстарын жүргізуге бар жағдай жасалған. Оқу орнының факультеттерінде ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Ғылыми-технологиялық парк те ізденушілердің игілігі үшін қызмет етеді. Сондай-ақ, студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-инновациялық қызметіне ерекше көңіл бөлінеді.

Қазіргі сандық технология заманында келешектің дамуы инновациялық бағытқа тәуелді екендігі тағы мәлім. Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуі де білім мен ғылымға, инновацияға негізделеді. Елдегі білім мен ғылымның дамуының локомотивіне айналып отырған оқу орындарының бірі ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекеттің экономикасын алға

сүйрейтін ғылым салаларына баса көңіл бөліп келеді.

Ғылыми-инновациялық құрылым құрамында бес дербес кластер бар. Олар ғылыми зерттеу, мамандар даярлау және сыртқы нарықпен байланыс жасау бағыттарында жемісті нәтижелерін экономиканың нақты секторына шығару, нарықта пайдаға асыру мақсатында соңғы жылдары университетте «идеяның пайда болуынан бастап, оны коммерциализациялауға дейінгі» «тағдырын» шешетін технологиялық коридор құрылды. Бүгінде бұл бағытта Бүкіләлемдік банктің «Технологияларды коммерциализациялау» бағдарламасы бойынша университет ғалымдарының өндіріске енгізу үшін жоғары технологиялы өнімдерді алу жөніндегі бес жобасы сәтті жүзеге асырылып жатыр.

«Басқа да бірқатар инновациялық жобалар баршылық. Мәселен, халықаралық UNIFORM консорциумы шеңберінде Токио университетімен бірге университеттік наноспутниктер жасау жобасы бар. Спутниктерді жинау, нәлден бастап, дайын өнім жасауға дейінгі жұмыстардың барлығын біздің оқу орындарының жас ғалымдары мен студенттері атқарады», — дейді оқу орны басшылығы. Университетте инновациялық бастамаларды қолдау, оны ғылым саласына енгізу, өндіріске, одан әрі коммерциялық бағытта пайдалану тетіктерін реттейтін ғылыми-инновациялық кластер жұмысы одан әрі жалғаспақ. Шетелдермен тығыз байланыс орнады.

Оқу орнында білім-ғылым саласынан бөлек, жастардың бос уақытын тиімді өткізуге, тәрбие жұмыстарын лайықты жүргізуге де мән беріледі. «ҚазҰУ» калашығы» атанып кеткен жатақханаларда да студенттер үшін бар жағдай жасалған. Бұған қоса Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, Әл-Фараби кітапханасы, интернет-орталық, спорткомплекс және стадион, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы бар. Жанаталап ауылындағы агробиостанция, Қырғызстан Республикасының аумағындағы Ыстық көл ауданында спорттық-сауықтыру лагері орналасқан. Студент жастармен жұмыс жасау бағытын жетілдіру үшін әлеуметтік серіктестік ұстанымдары енгізілді. Осы бағытта

Әлеуметтік серіктестік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. 100-ден астам студенттік ұйым университеттің, қала мен облыстың қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Әлеуметтік серіктестік негізінде Этика бойынша комиссия, Куратор-эдвайзерлер кеңесі, «Парасат» кәсіподағы, студенттік бірлестіктер, «Университет достары», ҚазҰУ-да халықаралық клубы, Ақсақалдар кеңесі, Түлектер қауымдастығы, Жұмыс берушілер кеңесі, «Британдық түлектер клубы» сынды бірқатар қоғамдық институттар белсенді қызмет атқарады. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары жастардың маңызды мәселелерді өз бетімен шешуіне септігін тигізіп отыр.

UNITWIN бағдарламасына сәйкес, ЮНЕСКО кеңесімен даму бойынша Орта Азиялық тұрақты даму бойынша аймақтық ЮНЕСКО хабы құрылғаны да оқу ордасының деңгейін көрсетеді. Бүгінде университетте тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ашылды. Тұрақты даму демекші, оқу орны алдына бірқатар мақсаттар қойып отыр. Ол дегеніміз - әлемнің ТОП-200 жетекші ғылыми-зерттеу университеттер құрамына ену. Осылайша, классикалық ұлттық университеттен әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу. Бұл бағытта университет 2015-2020 жылдарға арналған стратегиялық жобасында 6 стратегиялық бағыт бойынша жұмыс істеп келеді. Олар - білім беру қызметі сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет сапасын арттыру, дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, тәрбие және әлеуметтік жұмысты жақсарту, жастарды мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатыстыру, инфрақұрылымды дамыту және жаңа информациялық технологияларды енгізу, қаржы-экономикалық қызмет тиімділігін арттыру.

«Білім — ырыс қазығы», — дейді. Ендеше, білім мен ғылымның орталығы болып отырған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Ырыстың қазығы» десе жарасар!

**З.Б. АХМЕТОВА,
Н.Б. ШУРЕНОВ,**

менеджмент және маркетинг кафедрасының оқытушылары

■ СТУДЕНТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ЖЫРЛАЙМЫН СЕНІ, ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Өлең менің өмірдегі сырласым,
Сол өлеңмен көрдім талай сын тасын.
«Өмір» жолы асулардан тұратын,
Көріп келем ағы менен қарасын.

Жырға қостым ата-анамды қымбатты,
Жылу берген, мейір берген тым тәтті.
Ал дос деген қиын-қыстау кездерде
Өзіңменен өткізеді әр сәтті.

Отаным бар еңселі, егеменді,
Кең байтақ, асқар таулы, өзен көлді.
Жыр арнадым өзіңе Ұлы Отаным
Жүрегіме сыйғызып бар бейненді.

Елбасым бар асқақатқан ел даңқын,
Биіктерге жетелеген ел нарқын.
Өзің болдың көшбасшысы елімнің
Мақтан етер азаматың өр, халқын.

Елбасымыз еліміздің тірегі,
Жиырма бес жыл тәуелсіз ел, міне, енді.
Асқақатқан қазақ атын әлемге
«Сіз» деп соғар әр қазақтың жүрегі.

«Нұрлы жолы» болашаққа бастар жол,
Болашаққа нық сеніммен бастады ол.
Нұрлы жолда бірлігіміз бекемдеп
Үн тастады: «Мен жастарға сенем!» — деп.


Ел бірлігін сақтаған дара тұлға,
Білімді де, білікті дана тұлға.
Мақтан етем өзінді шын жүректен
Алаш жұртын ұстаған қанатында.

Көк байрағы желбіреген қазағым
Еркін елім, азат елім ғажабым.
«Қазақ» аты жойылмасын ешқашан
Биіктерден шырқалсын тек өз өнім!

Жасұлан ЖҰМАХАН,
физика-техника факультетінің
2-курс студенті

*Елім, жерім дегендер мен ерлендер,
Көңіл түріп бір қарасаң егерде
Көресің сен, сезесің сен тереңде
Бар байлығын Отаныңның рухани,
Құндылығын жоғалтпасын деп тіле!
Байлық деген тілің, ділің, дінің емес пе?!
Жүгірмегін ешқашан байлықтың бос түріне
Қазаққа тән болып келген ар-иба
Қалсын әр кез жүрегіңнің түбінде.
Қарашы, көзіңді салып бір қарашы!
Неткен ғажап байтақ осы кереге?!
Қалайша түспей қалсын басқа алыптың көзіне
Барынды сал, намыстан, қорғап қалғын
Мүддесін, ата-бабаң қан төккен жерге.
Сен емес пе, біз емес пе болашақтың тіреуі
Халықтың, ата-анаңның сұрап отқан тілеуі
Білесің бе, неге ойыңды іске асырып көрмеске?!
Өршіл жоспар, мақсатты біз құралаық
Көргің келсе, туыңның биікте желбіреуін.
Иә, сақтап қалғын қазақ деген атыңды
Ақтап қалғын қазақ деген затыңды
Ұстап қалғын қазақ деген даңқыңды
Келеді ғой қолыңнан, қуанту қазақ деген халқыңды!*

Гүлмира КӘКІМЖАН,
халықаралық қатынастар факультетінің
4-курс студенті



АЙНАЛАНЫ НҰРЛАНДЫРҒАН УНИВЕРСИАДА

Бұқаралық спорт пен дене шынықтыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру – еліміздің басты бағдарларының бірі. Спорт – мемлекеттің мәртебесін, ұлттың намысын айқындайтын көрсеткіш. Биылғы жылдың бастамасы болған айтулы дода «Универсиада» – халықаралық аренада Қазақстан спортының беделі жыл санап көтеріле түскендігінің айғағы. Соңғы жылдары бой көтерген «ALMATY ARENA», «HALUK ARENA» сияқты зәулім спорт ғимараттары, елімізде ірі халықаралық жарыстарды өткізе бастағанымыз, әлемдік спортқа бәсекелі бола бастағанымызды да аңғартады.



«Универсиада – 2017» халықаралық қысқы спорт шарасы – студент жастардың сайысы. Елбасы Н. Назарбаев: «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің енесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады», – деп бүгінгі күнгі өскелең ұрпақтың еліміздің еңселі белестері мен биіктеріне, елеулі істерге бірге атсалысып отыратын Отаншыл ұрпақ екенін ерекше атап көрсеткен еді. Бүгінгі күнгі жас ұрпақ еліміздің еңселі мерекелері және тарихи белестерімен бірге жасасып келеді. Бүкіләлемдік қысқы Универсиада–2017 студенттік спорт сайысы Орта Азия мемлекеттері арасында тұңғыш рет Қазақстанда өткелі отырғаны әлем назарын тағы да Қазақстанға аударды. Бұл айтулы доданы еліміздің жастары қызу белсенділікпен қарсы алды.

Универсиадаға қолдау көрсету үшін спорт додасының бағдарламасын кеңінен таныстыру мақсатында археология, этнология және музология кафедрасының 4-курс студенттері №138 М. Базарбаев атындағы мектеп-гимназияға барып, мектеп оқушылары командалары арасында «Толағай» атты спорттық сайыс өткізді. Студенттер көздеген басты мақсат – мектеп қабырғасында оқушылар назарын Универсиада алауының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ашылғанына аудару, университетімізден бастау алған Универсиадаға жанкүйер болуға шақыру. Бұл іс-шараны өткізу үшін №138 мектеп-гимназияның таңдалуы да тегін емес. Мектептегі тарихшы ұстаздар қауымы – біздің факультетіміздің түлектері әрі «ҚазҰУ түлектері» клубының белсенді мүшелері.

Студенттеріміз оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында 2 апта бұрын «Универсиада афишасы», «Универсиада хаты», «Универсиада және менің калам» атты тақырыпта шығармашылық жұмысқа байқау жариялады. Жеңімпаздар кафедра оқытушылары тарапынан марапаттарға

ие болды. «Біз Универсиадамен біргеміз» атты флеш-мобка студенттер оқушылармен бірге қатысты. Осылайша, студенттер мектептегі жас буынды болашақ студент болуға, еліміздің спорттық шараларын қолдауға шақырды. Бұл спорттық іс-шараны ұйымдастыру идеясы да студенттерге тиесілі екенін айтар болсақ, бүгінгі жастардың отансүйгіш, рухшыл екендігінде күмән жоқ.

Мектеп ұжымы өз кезегінде алау эстафетасын алып жүру салтанатының университеттен бастау алғанын ерекше сезіммен қабылдағандықтарын, мектеп бітірушілердің болашақ оқу орнын таңдауында ҚазҰУ-дың алдыңғы орында тұрғанын жеткізді. Бұл күні «Алматы. Спорт. Жастар» ұғымы бір-біріне жарасқан егіз ұғымдай болып тұр десек еш қателеспейміз.

**Т. ҚАРТАЕВА,
М. ДАУЫТБЕКОВА**

ҒАСЫР ДЕРТІ

Адамның ақыл-ойын, денсаулығын, қабілетін дамыту мәселелеріне тікелей қатысы бар маңызды еңбектерінде шығыстың әйгілі ойшыл-ғалымы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін», – деген екен.

Бүгінде жер шары халықтарының назары XXI ғасырдың мәселесіне айналған ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы) дертіне ауа бастауда, қазірдің өзінде ондаған мың адамның өмірін жойған осы бір қатерлі ауру жайында жұмыр жердің түкпір-түкпірінде күн сайын хабар бермей отырған бірде-бір газет, журнал, теледидар немесе радио торабы жоқ. Бұл дерттің қара бұлты бүкіл жер шарын басып келеді. Жеті жұттың біреуі – обаға татитын бұл аурумен күресуде қоғам болып жұмылу керек. «Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жинақтау, бұл адамға нұр болады» деп Абай атамыз айтқандай, осы дерт аясында қозғалатын сөз сарасын «ЖИТС – XXI ғасыр дерті» деп алып отырмыз.

Қазіргі уақытта көптеген аурулардың алдын ала егілетін вакциналары бар, емі бар. Ал ЖИТС ауруының қауіптілігі – оның емінің табылмай отырғанында. Бұл дүние жүзінің халқын аландатып отырған ғаламдық мәселе. Сондықтан осы аурудың алғашқы және негізгі белгілері, одан сақтану жолдары, аурудың алдын-алу және емдеу тәсілдерінен хабардар болғанымыз жөн. Егер әрбір адам осы ауру туралы жан-жақты білсе, мұндай дерттің алдын алуға болады. Тереңге бойлай, осы аурудың тарихына үнілер болсақ, ең алғаш ЖИТС дерті Африкада пайда болған. «Құлақ естігенді, көз көреді» деген. Көп күттірген жоқ, Қазақстанда алғаш сырқат 1987 жылы анықталды. Елімізде бүгінгі күнге дейін Ақтөбе облысында 200-ге жуық адам ЖИТС вирусін жұқтырған. Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Ақмола облыстарында бұл көрсеткіш екі еселенген. ЖИТС-пен ауру – өлім жазасына кесілгенмен бірдей. Себебі дүние жүзінде осы уақытқа дейін әлі оны толық жазатын ем жоқ. Бұл дерт тіпті менмін деген мықтыларды аяғынан жығып, талайлардың өміріне нүкте қоюда.

Денсаулық – бақыттың тең жартысы. Ал бақыт – адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Бақыттың негізінде адамның өмірі мағыналы және нәтижелі болған кездегі өз болмысына деген ризашылық сезімінің қалыптасуы жатыр. Арман сияқты Бақыт та мұраттың тылсымдық-эмоциялық көрінісі болып табылады. Шіркін-ай, денін сау болып, ата-ананың, туған-туыстарының, сүйікті достарының, әріптестерінің жанында күліп-ойнап жүргенге не жетсін?!

Жұмыр жерді мекендеген халықтың сонау ерте заманнан бері айтылып, ғасырлар бойы сұрыпталып келген інжу-маржандай асыл да, даналы сөздері бар. Осынау ғибратты сөздер адамзат баласының денсаулығына зиянды әрекеттерді де жан-жақты қамтыған. Медицинада сөз құдіретінің шарапатына өлшеу жоқ. Азабын арқалатып діңкесіне тиген жаман әдеттен құтыла алмай, амалсыз көніп, медет, көмек тілеп алдына келген науқасқа дәрігердің тауып айтқан бір жылы сөзі тамаша қуат береді.

«Жаксыдан үйрен, жаманнан жирен» деп халқымыз бекер айтпаған. Жаксыны көріп, тындап, соған ұқсау керек. Жаманды көріп, зардабын түсініп, бойынды аулақ ұстау – білімділіктің, көрегендіктің белгісі. Денсаулықты үнемі күте білу керек. Ол үшін адами санаға «денсаулық», «әдемілік» ұғымдарын сіңіре білуіміз тиіс.

**М.Т. АДИЛОВА,
Л.Б. УМБЕТЬЯРОВА,
эпидемиология және гигиена
кафедрасының оқытушылары**

ТЕАТР - ТӘРБИЕ БЕСІГІ

«Айналанды нұрландыр» жобасы аясында тарих, археология және этнология факультетінің этнология музейінде М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры әртістерімен шығармашылық кездесу өтті. Әкімтеатр әртісі Бауыржан Манжігітов пен киноактер Данияр Қанатқалиев студент жастармен қауышып, өз ойларын ортаға салды.



Қызықты ойларымен, тартымды әңгімесімен кездесуді бастаған Бауыржан Манжігітов студенттердің назарын бірден жаулап алды. «Театр ұлт болмысын, бет-бейнесін айшықтап тұрады. Театр – елдің өткені, бүгінгісі мен ертеңгісін көрсетеді», – деген актер қазіргі таңда сахналық қойылымдарда ұлт тарихының, этнографиясының терең қарастырылатындығын, сол арқылы қоғамның бет-бейнесі берілетіндігін әңгімеге арқау етті. Ұлт болашағына бей-жай қарамау жайында ой қозғады. Театр репертуарында сахналанып жүрген ұлттық және әлемдік классика жауһарларының азаматтардың рухани-адамгершілік бағдарларын, қазақстандық жана отансүйгіштік пен құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы рөлі зор екендігі айтылды. Отандық озық туындылардың

Сондай-ақ кеш қонақтары студенттердің

«Мәңгілік ел» идеясына қызмет ететіндігі де атап өтілді. Осы орайда өздері сомдап жүрген спектакльдер топтамасы – «Томирис», «Қорқыттың көрі», «Қазақтар», «Бейбарыс сұлтан», «Алмас қылыш», «Абай», «Қилы заман» сынды спектакльдердің бүгінгі жастар үшін тағылымдық маңызы зор екендігі қарастырылды. Студенттерге рухани-мәдени тұрғыда тәрбие беретін театрға жиі келуге шақырды.

**М.Қ. ДАУЫТБЕКОВА,
археология, этнология және музология
кафедрасының доценті, т.ғ.к.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар УШУРОВ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Талпырыс: №65**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.